

**«Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім  
бөлімінің « №5 жалпы білім беретін мектебі»КММ  
Қамқоршылық кеңес отырысы  
хаттамасы №5**

Өткізілген күні: 31.05.2023

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

Күн тәртібінде:

Тыңдалды:

1. 2022-2023 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесі мүшелерімен жүргізілген жұмысының талдауы
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Ибраева Л.Т
3. 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы
4. Әр түрлі мәселелер

Мектеп директоры Г.Ж.Балапанова мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырысында оқу жылының соңында жыл бойы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, есеп берді. Қамқоршылық кеңесі мектеп оқушыларына жағдай жасау мақсатымен жұмыс істейтіндігі туралы айта келе, 2022-2023 оқу жылында мектептегі ұйымдастырылған іс-шараларға демеушілік көрсеткен кеңес мүшелеріне алғыс білдірді.

2. Мектептің әлеуметтік педагогы Ибраева Лайла Толеповна

«№ 5 жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі 2022-2023 оқу жылында жазғы демалыс кезеңіне «Жас қанат» сауықтыру лагеріне спонсорлық көмек есебінен 2 жолдама берілетіндігі туралы хабардар етті. Оның біреуі көп балалы отбасының оқушысы Ергазиев Батырланға I кезеңге, екіншісі қалалық ювеналды полиция тобының тіркеу есебінде тұрған 8 «А» сынып оқушысы Сакенов Ильдазға II кезеңге берілді. Сонымен қатар «Жалпы оқыту қорынан» мектеп жапындағы «Күншуақ» лагерінің I кезеңіне 10 жолдама, II кезеңіне 10 жолдама көп балалы және аз қамтылған оқушыларға берілді. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шакижанова А.К 2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы айтып өтті. Мектеп формасының түсі қою кара көк болып өзгертілгендігі туралы айтылды. 1.1. Ұл балалар үшін мектеп формасы: қою кара көк түсті пиджак, классикалық үлгідегі шалбар (еркін тігілген және тобықты жауып тұратын болу керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Ұлдардың шаш үлгісі қысқа, классикалық үлгіде болу керек. Шашты тықырлап алуға, тұлым қоюға тыйым салынады. 1.2. Қыз балалар үшін мектеп формасы: қою көк түсті пиджак, юбка немесе сарафан етек ұзындығы тізе тұсында (ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары немесе төмен болмауы керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Қыздарға арналған шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұру қажет. Қыздардың шаш үлгісі түйіліп жиналған немесе өрілген болу қажет. Қыз балалардың денсаулығын алдын алу мақсатында,

мектепке биік өкшеде туфли киюге, бет әрлейтін заттарды қолдануға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ көлемді сырға, моншақ, белдемше тағуға тыйым салынды.

Отырыс соңында мектептегі әр түрлі мәселелер жөнінде кеңес мүшелеріне сөз берілді.

Жазғы уақыттағы оқушылардың қауіпсіздігіне бақылау жасау керектігі туралы айтылды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектептегі оқу –тәрбие жұмыстары есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Оқушылардың жазғы демалысын жүйелі түрде ұйымдастырылып өткізілсін.

3. 2023-2024 оқу жылындағы оқушыларды мектеп формасымен толық қамтылуы туралы ата-аналарды хабардар етіп, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

4. Жазғы уақыттағы оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау ата-аналар жауапкершілігіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы




Кайпбергенов Б.К

Мүшелері:

Нуркайланова С.С




Нөкербекова А.К




Шоянов Қ.О



Кәрім Н.М



Макметов К.К



Ахметжанова И.К



Кенжебекова А.М



Каримова А.Е

